

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 мамырдағы № 28/150 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 30 мамырда № 4735 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 6/59 шешімімен

Ескерту. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 06.05.2021 № 6/59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 39-3 бабының 3-1 тармағына, "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 болып тіркелді) Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентіне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті бекітілсін.

2. Осы шешім халық саны екі мың адамнан көп Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ауылдық округтері үшін алғашқы рет ресми жарияланған күнінен соң он күнтізбелік күн өткен соң, халық саны екі мың адам және одан аз ауылдық округтер үшін 2020 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының сессия
төрайымы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының
хатшысы

А.Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2018 жылғы 14 мамырдағы
№ 28/150 шешімімен бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналышының регламенті (бұдан әрі – регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-3 бабының 3-1 тармағына, "Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 бүйрүгімен бекітілген Жергілікті қоғамдастық жиналышының үлгі регламентіне сәйкес әзірленді.

2. Осы регламентте қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті қоғамдастық –шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында ауылдық округтерінің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастық жиналышы (бұдан әрі – жиналыш) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілдерінің қатысуы;

3) жергілікті маңызы бар мәселелер - ауылдық округі қызметінің мәселелері, оларды реттеу Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес, ауылдық округінің көптеген тұрғындарының құқықтары мен занды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты.

4) жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;

5) жергілікті қоғамдастық жиналышының мүшесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешу үшін жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілі.

2. Жергілікті қоғамдастық жиналышына шақыруды жүргізу тәртібі

3. Жиналыш жергілікті маңызы бар ағымдағы мына мәселелер:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарau;

ауылдық округ (бұдан әрі – ауылдық округ) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

ауылдық округ әкімі аппаратының ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі шешімдерін келісу;

бюджеттің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналысқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иелікten шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан мәслихатына одан әрі ұсыну үшін ауылдық округ әкімінің қызметіне аудан әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;

ауылдық округтің әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері бойынша өткізіледі.

4. Жиналысты ауылдық округ әкімі дербес не ол жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі – жиналыс мүшелері) өкілеттік берген, жиналыс мүшелерінің кемінде он пайызының бастамасы бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылуы мүмкін.

Жиналыстың бастамашылары күн тәртібін көрсете отырып, әкімге ерікті нысанда жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Әкім үш жұмыс күні ішінде жазбаша өтінішті қарайды және шақырылымның орны мен уақытын көрсете отырып, жиналысты шақыру туралы шешім қабылдайды.

5. Жиналысқа шақыру уақыты, шақырылым орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында жиналыстың мүшелеріне және әкімге жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей ұсынады.

6. Жиналысты шақыру алдында әкім аппараты жиналысқа қатысушы мүшелерді тіркеуді өткізеді, оның нәтижесін әкім немесе жиналысты шақыру

басталғаннан бұрын ол уәкілеттік берген адам жариялады және жиналыстың хаттамасына шақыруды өткізу орны мен уақытын көрсете отырып енгізеді.

Жиналысты шақыру оған жиналыс мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

7. Жиналысты шақыруды әкім немесе ол уәкілеттік берген адам ашады.

Жиналысты шақыруды жүргізу үшін ашиқ дауыс беру арқылы жиналыстың төрағасы мен хатшысы сайланады.

8. Жиналыстың күн тәртібін ауылдық округ әкімінің аппараты жиналыс мүшелері, тиісті аумақтың әкімі енгізген ұсыныстар негізінде қалыптастырады.

Күн тәртібіне өткен жиналыстарды шақыруда қабылданған шешімдер барысы және (немесе) орындалуы туралы мәселелер қосылады.

Жиналысты шақырудың күн тәртібі оны талқылау кезінде толықтырылуы және өзгертулуды мүмкін.

Жиналысты шақырудың күн тәртібін жиналыс бекітеді.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру жеке өткізіледі. Егер оған жиналыс мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, мәселе күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

9. Жиналысты шақыруға олардың мәселелері онда қаралатын аудан мәслихатының депутаттары, аудан әкімі аппаратының, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ занды және жеке тұлғалардың өкілдері шақырылуы мүмкін. Сондай-ақ жиналысты шақыруға бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатыса алады.

Осы тармақтың бірінші белгінде көрсетілген шақырылған адамдар жиналыстың мүшелері болып табылмайды және шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

10. Жиналысты шақыруларда баяндамалар, қосымша баяндамалар, жарыс сөзде сөйлеу үшін және жиналысқа шақыруды өткізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу регламентін төраға айқынрайтады. Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұрақтарға жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, жиналыс төрағасы оның сөзін тоқтатады немесе шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Жиналыс мүшесі бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыс сөздердегі жиналыс мүшелерінің сауалдары, түсіндіру және сұрақтарға жауап беру үшін сөйлеулері сөз сөйлеу деп есептелмейді. Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе ауызша түрде қойылады. Жазбаша сұрақтар жиналыс төрағасына беріледі және жиналыс шақырылымында жарияланады.

Жиналыс төрағасы өз бастамасы бойынша немесе жиналыс мүшелерінің дәлелді ұсыныстары бойынша үзілістер жариялады.

Жиналыштың соңында жиналыштың мүшелеріне қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыс сөз болмайды.

3. Жергілікті қоғамдастық жиналышының шешімдер қабылдау тәртібі

11. Жиналыс өзінің құзіреті шенберінде шақырылымға қатысушы жиналыш мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, жиналыштың төрағасы шешуші дауыс беру құқығын пайдаланады.

Жиналыштың шешімі хаттамамен ресімделеді, онда:

- 1) жиналыштың өткізілген құні мен орны;
- 2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;
- 3) өзге де қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізімі;
- 4) жиналыштың төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);
- 5) құн тәртібі, сөйленген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыштың төрағасы мен хатшысы қол қояды және екі жұмыс құн ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

12. Жиналышта қабылданған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс құні мерзімінде қарайды.

Әкімдер жергілікті қоғамдастық жиналышының шешіміне келіспеушілігін білдіруге құқылы, осындай келіспеушілік тудырған мәселелер осы Регламентпен көзделген тәртіpte қайта талқылау жолымен шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрган әкім тиісті аудан мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді.

13. Ауылдық округ әкімі аппараты ауылдық округ әкімнің жиналыш шешімдерін қарау нәтижелерін бес жұмыс құн ішінде жиналыштың мүшелеріне жеткізеді.

14. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар өкілеттіктері шегінде жиналышты шақыруда қабылданған және ауылдық округ әкімі макұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

15. Жиналышты шақыруда қабылданған шешімдерді ауылдық округ әкімнің аппараты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен таратады.

4. Жергілікті қоғамдыстық жиналышы шешімдерінің орындалуын бақылау

16. Жиналыста жүйелі түрде жиналыстың шешімдерін орындауға жауапты адамдардың ақпараттараты тындалады.

17. Шешімдерді орындамаған немесе сапасыз орындаған жағдайда, тиісті ақпарат хаттамаға енгізіледі, оны жиналыстың төрағасы аудан әкіміне немесе жиналыстың шешімін орындауға жауапты лауазымды адамның жоғары тұрған басшыларына жолдайды.

Қабылданған шешімдер қайта орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда, жиналыс аудан әкімі немесе тиісті лауазымды адамдардың жоғары тұрған басшылары алдында лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселеге бастамашылық жасайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК